

«Арай» бөбекжайы ұжымының жоспардан тыс
сыбайлас жемқорлық туралы жиналыс

№1 Хаттамасы

«28» - 10.2023ж.

Қатысқандар : - 25 адам

Қатыспағандар: - 7 адам

Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу жолдары «Жемқорлық- мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет».

Н.Ә.Назарбаев.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары. Ұжымға түсініктеме беру.

Тыңдалды: бөбекжай директоры м.а Ф.Кусайнова

Аталған мәселе бойынша бөбекжай директоры м.а Ф.Кусайнова ұжым арасында сыбайлас жемқорлық жайында түсініктеме беріп өтті.

1998 жылы 2 шілдеде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды, лексикалық қорымызға «сыбайлас жемқорлық» (коррупция) деген сөз тіркесі енді. Бұл қазір бұқаралық ақпарат құралдарынан түспейтін мәселе болды. «Коррупция» латын тілінен шыққан сөз. Ол лауазым иелерінің, қоғам және саяси қайраткерлердің параға сатылғыштығы деген мағынада санамызда көптен қалыптасқан. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір – біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай – қайсын да қатты алаңдатаны анық,- деді.

Сөйлеген: балабақша әдіскері А.Жумабаева Елбасы алға тартқан міндет жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру